





**8 Наурыз Халықаралық  
әйелдер күні құтты болсын!!!**






Құрметті ардақты аналар, ұстаздар  
қаракөз қыздар! Сіздерді жыл  
мезгілінің ең көрікті де қуанышты  
мезгілі көктемнің алғашқы мерекесі  
– 8 Наурыз Халықаралық әйелдер  
күнімен шын жүректен  
құттықтаймын!




Осынау жарқын мерекенің біздің барлық үміттеріміз бен армандарымызды тығыз байланыстыратын көктемнің алғашқы айының басында келуі, жақсылықтың нышаны болса керек. Қашаннан бергі дәстүріміз бойынша біз бұл күні Сіздерге ең ыстық құттықтауларымыз бен ең ізгі тілектерімізді жолдаймыз.

Әлемде нәрестеге өмір сыйлап, оны алғашқы қадам басуға үйрететін қасиеттеріңізге тең келер адам жоқ. Сіздердің төзімділіктеріңіз бен махаббаттарыңызға алғысымыз шексіз!




The image features a decorative background with a white central area. The background is filled with vibrant red roses and green leaves, creating a romantic and elegant atmosphere. The text is centered within the white area.

Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз беріледі.

A bouquet of purple tulips and small white flowers. The tulips are in various stages of bloom, with some fully open and others as buds. The small white flowers are interspersed among the tulips. The bouquet is set against a light blue background.

Алаштың ұлтжанды азаматтары,  
ұлттың да, ұрпақтың да бесігін  
түзейтін, тілімізді де, діңімізді де,  
тілімізді де ана сүтімен санаға сіңіретін,  
қазақты тәрбиелейтін қыздарымыз.  
"Бәрі де адамның өз қолында, ал адам  
әйелдің алақанында" деген сөз әлемді  
билейтін де, тербейтін де әйел екенін  
білдіреді.



Көктемгі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, әрдайым әдемі, жылы жүректі аналық абыройлы атақтарыңыз биіктей берсін. Зор денсаулық, мәңгі жастық пен сұлулық тілеймін!

Отбасыларыңыз бен өздеріңізге амандық, дендеріңізге саулық, ұзақ әрі шаттыққа толы ғұмыр, шаңырақтарыңызға құт-береке тілеймін. Өңір халқының әл-ауқатын жақсарту жолында атқарып жатқан еңбектеріңізде табыстарға жетіп, үлкен биіктерден көрінулеріңізге шын жүректен тілектеспін.





Кетті қысқы ызғар,  
Еріп жатыр мұздар.  
Мерекеніз бүгін,  
Қызғалдақтай қыздар!

Болса да өзге жүрек,  
Адамға адам – тірек.  
Сіздерге айтар мынау,  
Мерекелік тілек:

Карау жүрсін қашық,  
Алшы тұрсын асық.  
Берекесін берсін,  
Сіздер еткен кәсіп!

Әр таңдарың атқан,  
Бақыт берсін батпан.  
Кұрастырсын құдай,  
Табысынды тапқан





**Аналар, қыздар жасай берсің!  
Ана десе ақтарылған ағынан  
Анашымды күніне мың сағынам.  
Тірлік үшін әулиеге табынатын  
Аналардың ақ сүтіне табынам.**





8 Наурыз 2017 жыл көктемi,  
Қыстың кеттi аязының өктемi.  
Мерекенiз құтты болсын ханымдар,  
Күндей болып жарқырандар көктегi



Мерейлі сәт мерекеге ұласып,  
Сегізінші наурыз келді қыр асып.  
Қыз-келіншек, нәзік жандар мейрамы-  
Көктемнің шапағатын тұр шашып





**Құттықтаймыз аналарды, қыздарды**

**Мерекеден шуақты бір із қалды.**

**Болсын әркез көтеріңкі көңілдер,**

**Нұрын шашсын мерекеге өңірлер**



